

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мүлкін берудің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 24 қыркүйек N 1231

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі заңнамада белгіленген
т ә р т і п п е н :

- 1) қосымшаға сәйкес әскери-техникалық мүлікті "N 48 Ғарыштық
табиғаттану мектеп-лицейі" мемлекеттік мекемесі үшін Алматы қаласының
коммуналдық меншігіне берсін;
- 2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру комитетімен бірлесіп, Алматы қаласының әкімиятымен келісім
бойынша көрсетілген мүлікті беру жөніндегі қажетті ұйымдастыру шараларын
жүзеге асырсын.
2. Алматы қаласының әкімияты осы қаулыдан туындайтын қажетті
шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 24 қыркүйектегі N 1231
қаулысына қосымша

Алматы қаласының коммуналдық меншігіне берілетін
әскери-техникалық мүліктің тізбесі

- | | |
|----------------------------------|----------|
| 1. ГАЗ-66 автомашинасы | 1 бірлік |
| 2. УАЗ-469 автомашинасы | 1 бірлік |
| 3. КП-125 далалық асханасы | 2 бірлік |
| 4. ЦВ-1,2 суға арналған цистерна | 1 бірлік |

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК